

"Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 129 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 31 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 1 сәуірде № 22448 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 5 желтоқсандағы № 129 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9938 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 19 желтоқсанда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік инвестициялық жобаның инвестициялық ұсынысын әзірлеу немесе түзету, оған қажетті сараптамаларды жүргізу, сондай-ақ бюджеттік инвестицияларды жоспарлау, қарау, іріктеу, іске асырылуын мониторингілеу және бағалау және бюджеттік кредиттеудің орындылығын айқындау қағидаларында:

123-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"123. Инвестициялар паспорты осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы бюджеттік инвестицияларды игеру Инвестициялар паспортында көрсетілген кезеңге және іс-шараларды іске асыру құнына сәйкес жүзеге асырылады.";

182-49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"182-49. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның бюджеттік кредиттің орындылығы туралы экономикалық қорытындысын алу нәтижесі бойынша ББӘ бюджеттік жоспарлау жөніндегі тиісті орталық уәкілетті органға немесе мемлекеттік

жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға заңнамада белгіленген тәртіппен республикалық бюджетті қалыптастыру (нақтылау) шеңберінде бюджеттік өтінім құрамында бюджеттік кредит бойынша экономикалық қорытындыны енгізеді.

Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бюджеттік кредит беру жобаның қаржы жылы ішіндегі қажеттілігіне қарай қаржыландыру жоспарына сәйкес қолма-қол ақшаны бақылау шотынан транштармен жүзеге асырылады."

2. Инвестициялық саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрі*

А. Иргалиев

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі